

**А. З. Қасымова, ҚР НМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының 1-базам тыңдаушысы**

**Фылыми жетекші: С. С. Тұсілбеков, ҚР НМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының ага оқытушысы**

## **ХАЛЫҚТЫҢ ҚҰҚЫҒЫ АНА ТІЛІНДЕ**

Табиғаттың адамзат баласына төл еншісіндегі тарту еткен тамаша байлығының бірі — тіл туралы қисынды пайымдауды, белгілі классик айтқандай, «адамдар арасындағы карым катынас құралы» деп қана койсақ, онымыз тым қаралайым, жадағай айтылған сөз болар еді. Оның назардан тыс қалған қалтарыстарында көкірек көзін керек етер каншама бояу, ренктер жагыр. Ғалымдардың көрсетуінше, ана көкірегін алғаш еме бастаған сәттен бастап сәбілік құлагына естілетін үн, дыбыс, сөз құрамдары, эмоциялық сезімдер, анасы кай тілде сөйлессе сол ұлттық психологиялық, адамгершілік бітімі, барлық рухани қазынасы сәбиге біртіндең сыналад ене береді екен. Демек тіл әр халықтың өзгеден ерекше ұлттық табиғатын, рухани байлығын танытатын асыл мұра екенінде дау жок. Әр халықтың өзгеден ерекше өз тілі бар. Сондыктан сөз барлық халықта бірдей түсінікті болуы мүмкін емес.

Казакстан Республикасының «Тілдер туралы» Занында: «Тіл — ұлттың аса итілігі әрі оның өзіне тән ажырамас белгісі, ұлттық мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптаскан тұрақты қауымдастығы ретінде өзінің болашагы — тілдің дамуына. оның қоғамдық қызметінің кеңеюіне тығыз байланысты» дедінген. Әрбір елдің қуатты күші, байлық бакыты экономикалық даму деңгейімен ғана емес, сонымен бірге мәдени, рухани орісімен де айқындалады. Ал мәдени өре, рухани талғам деген халықтың ақыл ойынын көрінісі — тілге тікелей тәуелді екені белгілі. Халықтың сакталуы тіліне байланысты. Тіл — халықтың жаны, сәні, тұластай кескін келбеті, болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін — ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз — ана тіліміз.

Әр халықтың даму көшінде тіл мәселесіне ерекше қоңыл бөлініп, кашан да басты назар айдарылып отырылуы заңды құбылыс. Уақыт бедере өзгерген сайын тілдің де коры молайын, бояуы өзгеріп, қызметі кеңейіп, жана мағынага да не болуы тарихи дамудың алғы шарттарының бірі. Сол өзгеріс, жаңа қалықтар аса қасиетті рухани қазынамыздың корына орынды өрнек болып косылып, ажарын аша түссетіні де ақиқат. Ендеше осы тарихи дамудағы ана тіліміздің

бар мүмкіндігі көркемдік кестесі толығымен пайдаланылса ғана, оның қуатты қаруға айналары хақ.

Бұгінгі күндеңі қым-куыт қоғам өміріндегі қазақ тілінің жай-күйі, жай-жапсары, барлық қызмет саласындағы оның орны мен рөліне барынша қысқаша тоқталып, өзімізге қажетті кей аспектілерін алдарыңызға көлденең тартпақшымыз. Бұл – сауатты жазып, дұрыс сейлеу мәдениеті, жаңа атальмадарды қолдану қырлары және аударма технологиясын менгеру ісі. Ошактың үш бұтындағы осы үш тұғырдан-ақ бабалар тілінің бүгінгі бәсекелестік бәйгесіндегі беріктігі анықталатындағы. Тілді айтпағанда, «Заны мен дәрігері жұмыс істемейтін елде өмір сұру қауіпті» деген екен бір дана. Қашан да өз занын құрметтеп, әспеттеген халықтың кенже қалғанын ешкім естіген жоқ. Американың бүкіл басшылығы орын тепкен Вашингтон қаласында Капитолийден биік үй салынбайды екен, мұның өзі өз занын құрметтеп, қастерлеуден туған үрдіс екені ақиқат. Орыс сыншысы, философы әрі тарихшысы В.Кожинов «Еуропа заңмен өмір сүреді, Шығыс дәстүрімен өмір сүреді, ал Ресей белгісіз мақсатпен өмір сүреді» деген екен. Ал осы екі аралықтағы еуразиялық біздер бүгін қалай өмір сүріп жатырмыз? Бәсекелестік белен алған екпіні мен тепкіні қатты бүгінгідей замандағы аламан бәйгілерге қосқан аузымен құс тістейтін төл сәйгүліктеріміз қара үзіп келе алар ма екен деп айналамызға карасақ, көкірегіңнен ашы запыран құсқандай күй кешесің. Сөз жоқ, тіл, сөз мәдениеті бүгінгі қоғамызыздың өте мөте қажет етіп отырған күн тәртібіндегі құрмеуі қалың құрделі мәселелер қатарынан орын алыш отыр. Өйткені бүгінгі күндеңі жас өскін көбіне көп тіл байлығы әбден сүйылған, ана тілінде тым тұрпайы сөйлейтін үрпақ. Әкінішке қарай, қазір біз туған тілін шүбарлап, қойыртпақтан сөйлейтін жастарды жиі кездестіріп журміз. Көнерген мұліктей құны түсіп, қожырай бастаған толғауы тоқсан қызыл тілімізді қатарға қосу — басты кіслік мақсаттарымыздың бірі болыш отыр. Халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, құқықтық жарқын қасиеттерін жіліктей келіп, академик Салық Зиманов: «Ердің құны жуз жылқы болған заманда ардың құны мың жылқыға пара пар санаған қазақ мәдениеті әлемдік өркениеттің ешбірінде көрініс таппаған ерекше құбылыс» деп тайға таңба басқандай айқындал беріп еді. Шынында да біз осы қеудесін керген меммен Батыстың өзін мойындаған үлттық құндылықтарымыздан ажырап бара жатқан жоқызы ба?

Бүгінде, ең бастысы халқымыздың санасында қауіпке қарсы тұру сезімі, аламан дәуірдің алмағайып қыындықтарына орай қайта қалыптасу үрдісі (процесі), үлттық рухтың жаңару кезеңі басталып кетті десек те, бұл кезең әлгінде айтқандай үлттымыздың біршама бөлігінің өз тілін білмейтін және өзінің рухани қайнарына немқұрайлы қарайтындардың қарасы көбейген тұс десе болатындағы. Міне осылар заң атаулыны өзіне қарай бұрыш, өңін теріс айналдырып, ресми тіл дегенді шығарып, артын ыланға ұластырып, онсыз да миы ашыған халықты одан арман мықшита тұсуде. Кезінде жаңа құрлықтың мұзбалағы Линкольн: «Барша халықты біраз уақыт алдауға болады, біраз халықты барша уақыт алдауға болады, бірақ барша халықты барлық уақытта алдау мүмкін емес» деп дұрыс айтқан.

Еліміздің тәуелсіздікке қолы жетуі нәтижесінде жаңа тарихи дәуірі басталып, зайырлы, зан белен алған, құқықты басшылық тұтатын жаңа тұрпаттағы қоғам құруға бет бүрдік. Қоғамдық-элеуметтік өмірдің барлық саласында түбірлі өзгерістер жасалды. Әр саланың мұддесіне орай жаңа міндеттер мен мақсаттар туындал, олар шынайы халықтың сипат алудың екшеленді. Еліміздегі қалыптасып үлгерген осындағы жаңа қоғамдық қатынастардың жаңғыртушы күші қай салада болмасын тың талаптарды алға тартуда.